С – тиесілі субсидиялар сомасы, теңге;

СН – себу нормасы (саны), бір гектарға тонна (егіс бірлігі);

А – ауылшартауарөндірушідегі (ауылшаркооперативіндегі) ауыл шаруашылығы дақылының алаңы, гектар;

Н – осы Қағидаларға 15-қосымшада көрсетілген 1 тоннаға (егіс бірлігіне) арналған субсидиялар нормативі, теңге.

Бұл ретте есептеу үшін нақты сатып алу бағасы не субсидиялар нормативі қолданылады.

Тұқымдардың нақты құны субсидиялар нормативі есептелген құннан төмен болған жағдайда, субсидияларды есептеу осы Қағидалардың 40-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген субсидиялар мөлшерін есепке ала отырып, олардың нақты құнынан жүргізіледі.

Тұқымдардың нақты құны субсидиялар нормативі есептелген құннан жоғары болған жағдайда, субсидия субсидиялар нормативіне тең болады.

53. Осы Қағидалардың 40-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген субсидиялар мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C = OH \times A \times H;$$

мұнда:

С – тиесілі субсидиялар сомасы, теңге;

ОН – отырғызу нормасы (саны), бір гектарға дана;

А – ауылшартауарөндірушідегі (ауылшаркооперативіндегі) ауыл шаруашылығы дақылының алаңы, гектар;

Н – осы Қағидаларға 15-қосымшада көрсетілген 1 данаға арналған субсидиялар нормативі, теңге.

Бұл ретте есептеу үшін нақты сатып алу бағасы не субсидиялар нормативі қолданылады.

Элиталық көшеттердің нақты құны субсидиялар нормативі есептелген құннан төмен болған жағдайда, субсидияларды есептеу осы Қағидалардың 40-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген субсидиялар мөлшерін есепке ала отырып, олардың нақты құнынан жүргізіледі.

Элиталық көшеттердің нақты құны субсидиялар нормативі есептелген құннан жоғары болған жағдайда, субсидия субсидиялар нормативіне тең болады.

## **5-параграф. Субсидияларды төлеу тәртібі**

54. Өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) қабылдау жер учаскесінің орналасқан орны бойынша тиісті жылдың 1 ақпанынан бастап 1 желтоқсанына дейін жүзеге асырылады, бұл ретте өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) беру ағымдағы жылдың немесе өткен жылдың 4 (төртінші) тоқсанында сатып алынған субсидияланатын тұқымдар бойынша жүзеге асырылады.

2019 жылы пайдаланылған тұқымдар (элиталық көшеттер) үшін субсидия алмаған ауылшартауарөндірушілер (ауылшаркооперативтері) 2020 жылғы 1 наурыздан 1 желтоқсанға дейін өтінім (ауыспалы өтінім) береді.

55. Жеке кабинеттегі тізілім деректеріне қолжетімділік беру үшін:

1) элиттұқымшарда, тұқымшарда, тұқым өткізушілерде, ауылшартауарөндірушілерде, ауылшаркооперативтерінде ЭЦҚ болуы тиіс;

2) Басқарма және Министрлік жыл сайын көрсетілетін қызметтерді жеткізушіге ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімін жібереді.

Министрлікке субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімдік онлайн-режимде өтеусіз негізде беріледі.

56. Жеке кабинетте тіркелу үшін элиттұқымшар, тұқымшар, тұқым өткізушілер, ауылшартауарөндірушілер, ауылшаркооперативтері мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) жеке тұлғалар және дара кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), аты және әкесінің аты (бар болса), тегі;

2) заңды тұлғалар және бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы дара кәсіпкерлер үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның),

заңды тұлғада БСН болмаған жағдайда, шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің БСН-сы, толық атауы, бірінші басшының немесе Жеке кабинетте тіркеуге уәкілетті адамның аты, әкесінің аты (бар болса) және тегі және ЖСН;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почтасының мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктің немесе ұлттық почта операторының ағымдағы шотының деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде, элиттұқымшар, тұқымшар, тұқым өткізуші, ауылшартауарөндіруші, ауылшаркооперативі бір жұмыс күні ішінде Жеке кабинетке енгізілген жеке шоттың деректерін өзгертеді.

57. Өтінімді (өтпелі өтінімді) қалыптастыру және тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидалардың 48-тармағы 3), 4) және 5) тармақшаларының талаптарын субсидиялаудың ақпараттық жүйесімен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім не осы Қағидалардың 48-тармағы 4) және 5) тармақшаларының талаптарын субсидиялаудың ақпараттық жүйесімен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтпелі өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім (өтпелі өтінім) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде элиттұқымшар, тұқымшар, тұқым өткізуші, ауылшартауарөндіруші, ауылшаркооперативі ЭЦҚ-сымен қол қою арқылы тіркеледі және Басқарманың Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Басқарманың электрондық мекенжайына қарауға өтінім (өтпелі өтінім) келіп түскені туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

58. Егер Басқарма төлем шоттарын қалыптастырған сәтке дейін тіркелген өтінімде деректер сәйкессіздігінің бар екені анықталса, элиттұқымшар, тұқымшар, тұқым өткізуші, ауылшартауарөндіруші, ауылшаркооперативі қайтарып алу себебін көрсете отырып, өтінімді (өтпелі өтінімді) қайтарып алады.

59. Басқарма өтінім (өтпелі өтінім) тіркелген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, тиісті хабарламаға қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды не теріс шешім шығарады. Бұл ретте, өтінімді растау туралы хабарлама не уәжді бас тарту электрондық құжат нысанында ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) субсидиялаудың ақпараттық жүйесіндегі Жеке кабинетіне жіберіледі.

Бұл ретте, өтпелі өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама элиттұқымшардың (тұқымшардың, өткізушінің) Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Элиттұқымшар (тұқымшар, тұқым өткізуші) осы Қағидалардың 48-тармағы 3) тармақшасының талаптарын орындау үшін нақты өткізілген субсидияланатын тұқымдар бойынша мәліметтерді тізілімге енгізеді.

60. Элиттұқымшар (тұқымшар, өткізуші) осы Қағидалардың 46-тармағында бекітілген мерзімде нақты өткізілген субсидияланатын тұқымдар бойынша



мәліметтерді өтпелі өтінімге уақытында енгізбеген жағдайда, өтпелі өтінім жойылады. Бұл ретте ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) Жеке кабинетінде өтпелі өтінімді жою туралы ескертпе қол жетімді болады.

61. Басқарма Қаржыландыру жоспарына және тұқымдарға арналған субсидиялар көлеміне сәйкес субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидия төлеуге арналған төлем шотын екі жұмыс күні ішінде:

осы Қағидалардың 59 және 60-тармақтарына сәйкес Басқарма өтінімді қабылдағанын растағаннан кейін;

элиттұқымшар (тұқымшар, өткізуші) осы Қағидалардың 48-тармағы 3) тармақшасының талаптарына сәйкес нақты өткізілген субсидияланатын тұқымдар бойынша мәліметтерді тізілімге енгізгеннен кейін қалыптастырады.

Бұл ретте, субсидиялардың аударылғаны туралы хабарлама электрондық құжат нысанында элиттұқымшардың, тұқымшардың, ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) Жеке кабинетіне жіберіледі.

#### **4-тарау. Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау**

##### **1-параграф. Негізгі ережелер**

62. Тыңайтқыштарды өндірушілер, жеткізушілер және шетелдік өндірушілер және олар өндіретін (өткізетін) өнімдер тізбесін (бұдан әрі – жеткізушілер тізбесі) индустрия және инфрақұрылымдық даму саласындағы уәкілетті орган Министрлікке және ЖАО-ға кейінгі жылға ағымдағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей және тиісті жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей береді.

Бұл ретте жеткізушілер тізбесі алынғаннан кейін оны Министрлік үш жұмыс күні ішінде Министрліктің ресми интернет-ресурсында, ЖАО-ның тиісті ресми интернет-ресурсында және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде орналастырады.

63. Тыңайтқыштар тізбесі мен субсидиялар нормалары, сондай-ақ тыңайтқыштарды (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялауға бюджеттік қаражат көлемдері (бұдан әрі – тыңайтқыштарға арналған субсидиялар көлемдері) облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің, ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы адамның қолы қойылған ілеспе хатпен Министрлікке мақұлдауға тиісті жылдың 15 қарашасынан кешіктірілмей беріледі. Бұл ретте, тыңайтқыштардың субсидияланатын түрлерінің тізбесі жеткізушілер тізбесінің негізінде қалыптастырылады.

Бұл ретте, тыңайтқыштардың тиісті түрлеріне қалыптасқан нарықтық бағаларды растайтын құжаттарды, сондай-ақ субсидиялауға жататын тыңайтқыш түрлерінің

көлемдері бойынша есептемелерді ЖАО кейінгі жылға ағымдағы жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей Министрлікке береді.

Оң шешім болған жағдайда, Министрлік тыңайтқыштар тізбесі мен субсидиялар нормаларды, сондай-ақ тыңайтқыштарға арналған субсидиялар көлемдерді тиісті ілеспе хатпен кері қайтарады. Теріс шешім болған жағдайда, Министрлік тыңайтқыштар тізбесі мен субсидиялар нормаларын, сондай-ақ тыңайтқыштарға арналған субсидиялар көлемдерін мақұлдаудан уәжді бас тартуы бар хатпен кері қайтарады. Бұл ретте пысықталған тыңайтқыштар тізбесі мен субсидиялар нормалары, сондай-ақ тыңайтқыштарға арналған субсидиялар көлемдері бес жұмыс күні ішінде Министрлікке қайта қарауға жолданады.

Министрлік мақұлдағаннан кейін, тыңайтқыштар тізбесі мен субсидиялар нормалары, сондай-ақ тыңайтқыштарға арналған субсидиялар көлемдері ЖАО-ның қаулысымен жыл сайын бекітіледі. Бұл ретте субсидиялар нормалары қосылған құн салығын есепке алмай белгіленеді.

Тыңайтқыштар тізбесі мен субсидиялар нормаларына, сондай-ақ тыңайтқыштарға арналған субсидиялар көлемдеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы тармақтың бірінші-төртінші бөліктерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. Бұл ретте тыңайтқыштарға арналған субсидиялар көлемдерін ЖАО олар азайтылған жағдайда негіздемелермен Министрлікке мақұлдауға жолдайды.

ЖАО тиісті интернет-ресурста және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тыңайтқыштар тізбесі мен субсидиялар нормаларын, сондай-ақ тыңайтқыштарға арналған субсидиялар көлемдерін мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде орналастырады.

## **2-параграф. Субсидия алушылар**

64. Субсидия сатып алынған тыңайтқыштарға (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) жұмсалған шығындарды өтеу үшін ауылшартауарынөндірушілерге немесе ауылшаркооперативтеріне төленеді.

## **3-параграф. Субсидиялар алу шарттары**

65. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған жағдайда төленеді:

1) ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толық құны бойынша сатып алынған тыңайтқыштар үшін субсидиялар алуға арналған өтінім беруі.

Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) тыңайтқышты шарт негізінде тыңайтқыштарды өндірушіден арзандатылған құны бойынша сатып алған жағдайда "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 17-

қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзіне тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтпелі өтінім береді.

Мұндай жағдайда, субсидиялар тыңайтқыштарды өндірушіге тыңайтқыштарды өндіруші күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей нақты өткізілген тыңайтқыштар жөніндегі мәліметтерді өтпелі өтінімге енгізген жағдайда, осы Қағидалардың 74-тармағына сәйкес төленеді.

Тыңайтқыштарды өндірушілер өтпелі өтінімге нақты өткізілген тыңайтқыштар жөніндегі мәліметтерді белгіленген мерзімде енгізбеген жағдайда, ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) өтпелі өтінімді қайта береді.

Бұл ретте, субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде осы Қағидалардың 65-тармағы 1) тармақшасының үшінші және төртінші бөліктерінде белгіленген мерзімдерде тыңайтқыштар өткізілмеген ауылшартауарынөндірушілердің (ауылшаркооперативтерінің) тізімі қалыптастырылады.

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы мен веб-порталдың ақпараттық өзара іс-қимылы Ақпараттандыру туралы заңның 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады;

2) ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) берген өтінімді (өтпелі өтінімді) тіркеу;

3) ауылшартауарынөндірушіде (ауылшаркооперативінде) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде деректері субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған жеке шотының болуы. Бұл ретте өтпелі өтінім үшін субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тыңайтқыштарды өндірушінің жеке шоты болуы қажет.

4) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен ЭШФ АЖ-ның өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) сатып алған тыңайтқыштарға жұмсалған шығындарды растау.

Бұл ретте электрондық шот-фактура өтінімді субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеу кезінде (сұратылған электрондық шот-фактура ЭШФ АЖ-дан тыңайтқыштарды сатушыға және ауылшартауарынөндірушіге (ауылшаркооперативіне) мемлекеттік қолдау шарасын алу үшін электрондық шот-фактураны бұғаттау және пайдалану туралы хабарлама жолдай отырып, ЭШФ АЖ-да автоматты түрде бұғатталады) ЭШФ АЖ-дан "сұраным-жауап" режимінде сұратылады.

Субсидия алу үшін пайдаланылған электрондық шот-фактураларды кері қайтарып алуға, жоюға және түзетуге жол берілмейді.

Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) ЭШФ АЖ-ны пайдаланбайтын шетелдік тыңайтқыштарды өндірушіден тыңайтқыштарды тікелей сатып алған кезде, тыңайтқыштарды сатып алуға жұмсалған шығындар тауарларға арналған кедендік декларациядан алынған мәліметтермен (Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден тыңайтқыш сатып алған ауылшартауарынөндіруші немесе

ауылшаркооперативі үшін) немесе мемлекеттік кірістер органы берген, тауардың Еуразиялық экономикалық одақтан әкелінгенін растайтын құжаттың мәліметтерімен расталады;

5) ауылшартауарынөндірушіде (ауылшаркооперативінде) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен және "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқорымен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған, тиісті алаңда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы.

Жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы туралы талап Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт негізінде әрекет ететін ауылшартауарынөндіруші өтінім (өтпелі өтінім) берген жағдайда, осындай жер учаскелері бар бірлескен шаруашылық қызмет туралы шартқа қатысушыға қатысты қолданылады. Бұл ретте бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарттың көшірмесін қоса бере отырып, өтінім (өтпелі өтінім) берген ауылшартауарынөндіруші субсидия алушы болып табылады.

Мүшелеріне жер учаскелері тіркелген ауылшаркооперативі субсидияға өтінім (өтпелі өтінім) береді:

ауылшаркооператив мүшелері тыңайтқыштар сатып алған жағдайда, бұл ретте ауылшаркооператив мүшелері субсидия алушылар болып табылады;

ауылшаркооперативі тыңайтқыштар сатып алған жағдайда, бұл ретте ауылшаркооперативі субсидия алушы болып табылады.

Бұл ретте ауылшаркооперативіте мүшелік ауылшаркооперативі мүшелігіне қабылдау туралы ауылшаркооперативі мүшелігінің жалпы жиналысы шешімінің электрондық үзіндісінің көшірмелері өтінімге тіркелу жолымен расталады.

Бірлескен кәсіпкерлік түрінде ұйымдасқан, мүшелеріне жер учаскесі тіркелген шаруа немесе фермерлік қожалықтар субсидияға өтінім (өтпелі өтінім) береді шаруа немесе фермерлік қожалықтар тыңайтқыштар сатып алған жағдайда, бұл ретте шаруа немесе фермерлік қожалық субсидия алушы болып табылады.

Шаруа немесе фермерлік қожалыққа мүшелік Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің деректерімен салыстырып тексеру жолымен расталады;

Лизингтік компанияларға жер пайдалану және (немесе) жеке меншікке беру құқығын көздейтін дайын объектінің лизингі жағдайында ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) лизингтік компаниялар растайтын жер учаскелердің деректемелерін көрсетеді;

6) жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауылшартауарынөндірушіге тиесілі жер учаскелерінің бүкіл егістік алаңына арналған электрондық танап карталары субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркелуі;

7) ауылшартауарынөндірушіге жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында тиесілі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің тыңайтылатын алқабына арналған алтыдан кем емес агрохимиялық көрсеткіш (карашірік, су немесе тұз сүзіндісінің сутегі көрсеткіші (рН), нитраттық, жеңілгидролиздендіргіш немесе сілтілігидролиздендіргіш азот, фосфордың, калий мен күкірттің жылжымалы нысандары) бойынша электрондық агрохимиялық картограмманы субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеу.

Бұл ретте, ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру кезінде электрондық агрохимиялық картограмманы тіркеу талап етілмейді.

Ескерту. 7) тармақша 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі – осы бұйрықтың 4-тармағымен.

#### **4-параграф. Субсидияларды есептеу тәртібі**

66. Субсидиялар ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) өтінім берген тыңайтқыштардың түрлері мен көлеміне (өтінімдерде көрсетілген егіс алаңына тыңайтқыштарды енгізу нормаларын ескере отырып), тыңайтқыштар тізбесі мен бекітілген субсидиялар нормаларына сүйене отырып, мынадай формула бойынша есептеледі:

$C = N_b \times S \times N_c$ , мұнда:

C – тиесілі субсидиялар сомасы, теңге;

$N_b$  – субсидияларды есептеу үшін субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде орналастырылған топырақтың агрохимиялық жай-күйін ескере отырып, 1 гектарға тыңайтқыш енгізу нормасы (нақты салмақпен тонна/гектар, килограмм/гектар, литр/гектар);

S – тыңайтқышты қолдану алаңы, гектар (аталған алаң осы ауылшартауарынөндірушіге (ауылшаркооперативіне) жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында тиесілі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің алаңынан аспайды);

$N_c$  – тыңайтқышқа арналған субсидиялар нормасы, теңге (осы Қағидалардың 67-тармағына сәйкес айқындалады).

Бұл ретте, тыңайтқыштар енгізудің нормаларынан төмен сатып алған кезде субсидиялар нақты сатып алынған тыңайтқыштар бойынша есептеледі, тыңайтқыштар енгізу нормаларынан асқан жағдайда, белгіленген тыңайтқыштар енгізу нормалары бойынша есептеледі.

67. Тыңайтқыштарға арналған субсидиялар нормалары тыңайтқыштың ең төменгі нарықтық құнының жартысына сәйкес мөлшерде абсолюттік мәнде (теңге) белгіленеді.

68. Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) құны субсидиялар нормасы есептелген тыңайтқыштың құнынан төмен болатын тыңайтқышқа өтінім (өтпелі өтінім) берген жағдайда, субсидияларды есептеу нақты сатып алынған тыңайтқыш құнынан жүргізіледі.

Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) құны субсидиялар нормасы есептелген тыңайтқыштың құнынан жоғары болатын тыңайтқышқа өтінім (өтпелі өтінім) берген жағдайда, субсидиялар ЖАО органы қаулысымен бекітілген субсидиялар нормасы есептелген тыңайтқыш құны бойынша төленеді.

69. Сатушы өткізетін тыңайтқыштар құнына буып-түю, таңбалау бойынша шығыстар, қосылған құн салығы, республиканың тиісті өңіріндегі межелі (босату) пунктке дейінгі көлік шығыстары кіреді.

## **5-параграф. Субсидияларды төлеу тәртібі**

70. Өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) қабылдау жер учаскесі орналасқан жер бойынша тиісті жылғы 1 ақпаннан бастап 1 желтоқсанға дейін жүзеге асырылады, бұл ретте өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) беру тыңайтқыштарды сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде жүзеге асырылады.

2019 жылы сатып алынған тыңайтқыштарға өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) қабылдау 2020 жылдың 1 ақпаны мен 1 желтоқсаны аралығында жүзеге асырылады.

71. Жеке кабинетте тізілімнің деректеріне қол жеткізуді ұсыну үшін:

1) ауылшартауарынөндірушілерде (ауылшаркооперативтерінде) және тыңайтқыштарды өндірушілерде ЭЦҚ болуы тиіс;

2) Басқарма және Министрлік жыл сайын көрсетілетін қызметтерді жеткізушіге ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімдерін жолдайды.

Министрлікке субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімдік онлайн-режимде өтеусіз негізінде беріледі.

72. Жеке кабинетте тіркелу үшін ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) және тыңайтқыштарды өндіруші мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) жеке тұлғалар және дара кәсіпкерлер үшін: ЖСН, аты, әкесінің аты (бар болса) және тегі;

2) заңды тұлғалар және бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы дара кәсіпкерлер үшін: БСН, толық атауы; бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және ЖСН-ы;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почтасының мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктің немесе почтаның ұлттық операторының ағымдағы шотының деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгертілген жағдайда, ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) және тыңайтқыштарды өндіруші бір жұмыс күні ішінде Жеке кабинетке енгізілген жеке шоттың деректерін өзгертеді.

73. Өтінімді (өтпелі өтінімді) қалыптастыру мен тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізеді:

1) осы Қағидалардың 65-тармағы 4), 5), 6) және 7) тармақшаларының талаптарын субсидиялаудың ақпараттық жүйесімен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім немесе осы Қағидалардың 65-тармағы 5), 6) және 7) тармақшаларының талаптарын субсидиялаудың ақпараттық жүйесімен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып өтпелі өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім (өтпелі өтінім) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) оған ЭЦҚ-сымен қол қоюы арқылы тіркеледі және Басқарманың Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Басқарманың электрондық мекенжайына қарастыруға өтінімнің (өтпелі өтінімнің) келіп түскені туралы электрондық хабарлама жолданады.

74. Басқарма өтінім (өтпелі өтінім) тіркелген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып тиісті хабарламаға қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды не теріс шешімді шығарады. Бұл ретте, өтінім расталу туралы хабарлама не осы ұсынудан уәжді бас тарту субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде электрондық құжат нысанында ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) Жеке кабинетіне жіберіледі.

Бұл ретте, өтпелі өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама тыңайтқыштарды өндірушінің Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Тыңайтқыштарды өндіруші осы Қағидалардың 65-тармағы 4) тармақшасының талаптарын орындау үшін нақты өткізілген тыңайтқыштар жөніндегі мәліметтерді тізілімге енгізеді.

Тыңайтқыштарды өндіруші өтпелі өтінімге нақты өткізілген тыңайтқыштар жөніндегі мәліметтерді осы Қағидалардың 65-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзімде уақтылы енгізбеген жағдайда, өтпелі өтінім жойылады. Бұл ретте, ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) Жеке кабинетінде өтпелі өтінімнің жойылғаны туралы хабарлама қолжетімді болады.

75. Басқарма тыңайтқыштардың құнын субсидиялау жөніндегі жеке ай сайынғы қаржыландыру жоспарына сәйкес субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидиялар төлеуге арналған төлем шотын:

Басқарма осы Қағидалардың 74-тармағына сәйкес өтінімді қабылданғанын растағаннан кейін;

осы Қағидалардың 65-тармағы 4) тармақшасының талаптарына сәйкес тыңайтқыштарды өндіруші нақты өткізілген тыңайтқыштар жөніндегі мәліметтерді тізілімге енгізгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде қалыптастырады.

Бұл ретте, субсидиялардың аударылғаны туралы хабарлама электрондық құжат нысанында ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) Жеке кабинетіне жіберіледі.

## **5-бөлім. Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау**

### **1-параграф. Негізгі ережелері**

76. Отандық пестицидтер өндірушілердің тізбесін индустрия және инфрақұрылымдық даму саласындағы уәкілетті орган ЖАО-ға кейінгі жылға ағымдағы жылдың 1 желтоқсанынан және тиісті жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей береді.

Бұл ретте Министрлік отандық пестицидтер өндірушілер тізбесі алынғаннан кейін оны үш жұмыс күні ішінде Министрліктің ресми интернет-ресурсында, ЖАО – тиісті ресми интернет-ресурсында және веб-порталында орналастырады.

ЖАО кейінгі жылға ағымдағы жылдың 1 желтоқсанынан және тиісті жылдың 1 маусымынан кешіктірмей, отандық биоагенттер (энтомофагтар) өндірушілердің тізбесін қалыптастырады және үш жұмыс күні ішінде осы тізбені веб-порталға орналастырады.

ЖАО пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) жеткізушілердің тізбесін ағымдағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей веб-порталға орналастырады.

77. Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-02/584 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11913 болып тіркелген) бекітілген Фитосанитариялық есепке алу нысандарын ұсыну қағидаларына сәйкес фитосанитариялық есептілікті уақтылы және дұрыс ұсыну, сондай-ақ "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Өсімдіктерді қорғау туралы заң) 14-5-бабының 1) тармақшасына сәйкес фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу және саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуына жол бермеу қажет.

Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды (арамшөптер, бидай трипсі, шалғын көбелегі, карадрин және жағалау шыбыны) және аса қауіпті зиянды организмдерге (өңдеу жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын саяқ және үйірлі шегіртке тұқымдастарын қоспағанда) және карантинді объектілерге (таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүзеге



асырылатын карантинді объектілерді қоспағанда) қарсы өндеу жүргізу үшін субсидияланатын пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) қолдану бойынша қарсы міндеттемелерді сақтауы қажет.

Бұл ретте, Министрліктің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары тарапынан өсімдіктерді қорғау және олардың карантині саласындағы заңнама талаптарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында өсімдіктерді қорғау саласында мемлекеттік бақылау, мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүзеге асырылады.

78. Пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі мен субсидиялар нормалары, сондай-ақ пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдері (бұдан әрі – пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар көлемдері) облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің, ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы адам қол қойған ілеспе хатпен Министрлікке тиісті жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей мақұлдауға ұсынылады.

Бұл ретте пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тиісті түрлеріне қалыптасқан нарықтық бағаларды растайтын құжаттарды (прайс-парақтар, коммерциялық немесе бағалық ұсыныстар), сондай-ақ шығыс нормаларын ескере отырып, субсидиялауға жататын пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) түрлерінің көлемдері бойынша есептемелерді ЖАО кейінгі жылға ағымдағы жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей Министрлікке береді.

Оң нәтиже болған кезде, Министрлік пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесін және субсидиялар нормаларын, сондай-ақ пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар көлемдерін тиісті ілеспе хатпен кері қайтарады. Теріс нәтиже болған кезде, Министрлік пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесін мен субсидиялар нормаларын, сондай-ақ пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар көлемдерін мақұлдаудан уәжді бас тартуы бар хатпен кері қайтарады. Бұл ретте пысықталған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі мен субсидиялар нормалары, сондай-ақ пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар көлемдері бес жұмыс күні ішінде Министрлікке қайта қарауға жолданады.

Министрлік мақұлдағаннан кейін, пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі мен субсидиялар нормалары, сондай-ақ пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар көлемдері ЖАО қаулысымен бекітіледі. Бұл ретте субсидиялар нормалары қосылған құн салығын есепке алмай белгіленеді.

Пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі мен субсидиялар нормаларына, сондай-ақ пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар көлемдеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу Қағидалардың

осы тармағының бірінші-төртінші бөліктерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. Бұл ретте пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар көлемдерін ЖАО олар азайтылған жағдайда негіздемелермен Министрлікке мақұлдауға жолдайды.

ЖАО тиісті интернет-ресурста және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі мен субсидиялар нормаларын, сондай-ақ пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар көлемдерін мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде орналастырады.

79. Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген, субсидиялар нормасын есептеу үшін дақыл (өңделетін объект) және оларды қолдану регламенті туралы ақпаратты ескере отырып, пестицидтердің тізбесі Өсімдіктерді қорғау туралы заңының 6-бабы 9) тармақшасында көзделген тәртіппен бекітілетін Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің тізіміне (бұдан әрі – Пестицидтердің тізімі) сәйкес айқындалады.

Аталған тізбені, сондай-ақ қайтадан тіркелген пестицидтер туралы ақпаратты Министрліктің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті Басқармаға ұсынады.

## **2-параграф. Субсидиялар алушылар**

80. Субсидиялар ауылшартауарынөндірушілерге немесе ауылшаркооперативтеріне саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды (арамшөптер, бидай трипсі, шалғын көбелегі, карадрин және жағалау шыбыны) және аса қауіпті зиянды организмдерге (өңдеу жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын саяқ және үйірлі шегіртке тұқымдастарын қоспағанда) және карантиндік объектілерге (таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын карантинді объектілерді қоспағанда) қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) жұмсалған шығындарды өтеу үшін төленеді.

## **3-параграф. Субсидиялар алу шарттары**

81. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған жағдайда төленеді:

1) ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толық құны бойынша сатып алынған пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) үшін субсидиялар алуға арналған өтінім беруі.

Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) пестицидті, биоагентті (энтомофагты) шарт негізінде пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды)

өндірушіден арзандатылған құны бойынша сатып алған жағдайда, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзіне тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтпелі өтінім береді.

Мұндай жағдайда, субсидиялар пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндірушіге пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндіруші күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей нақты сатылған пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) жөніндегі мәліметтерді өтпелі өтінімге енгізген жағдайда, осы Қағидалардың 88-тармағына сәйкес төленеді.

Пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтар) өндірушілер өтпелі өтінімге нақты өткізілген пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) жөніндегі мәліметтерді белгіленген мерзімде енгізбеген жағдайда, ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) өтпелі өтінімді қайта береді.

Бұл ретте, субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде осы Қағидалардың 81-тармағы 1) тармақшасының үшінші және төртінші бөліктерінде белгіленген мерзімдерде пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) өткізілмеген ауылшартауарынөндірушілердің (ауылшаркооперативтерінің) тізімі қалыптастырылады.

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы мен веб-порталдың ақпараттық өзара іс-қимылы Ақпараттандыру туралы заңның 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады;

2) өтінімді (өтпелі өтінімді) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеу;

3) ауылшартауарынөндірушіде (ауылшаркооперативінде) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде деректері субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған жеке шотының болуы. Бұл ретте өтпелі өтінім үшін субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндірушінің жеке шоты болуы қажет;

4) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен электрондық шот-фактураларды қабылдау және өңдеу ақпараттық жүйесінің өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өткізгенін растау.

Субсидия алу үшін пайдаланылған электрондық шот-фактураларды кері қайтарып алуға, жоюға және түзетуге жол берілмейді.

Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін пайдаланбайтын шетелдік пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндірушіден пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) тікелей сатып алған кезде, пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) сатып алуға жұмсалған шығындар жүк кедендік декларацияның мәліметтерін декларациялаумен (Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден пестицид, биоагент (энтомофаг)

сатып алған ауылшартауарынөндіруші немесе ауылшаркооперативі үшін) немесе мемлекеттік кірістер органы берген, тауардың Еуразиялық экономикалық одақтан әкелінгенін растайтын құжаттың мәліметтерімен расталады;

5) ауылшартауарынөндірушіде (ауылшаркооперативінде) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен және "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқорымен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған, тиісті алаңда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы.

Жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы туралы талап Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт негізінде әрекет ететін ауылшартауарынөндіруші өтінім (өтпелі өтінім) берген жағдайда, осындай жер учаскелері бар бірлескен шаруашылық қызмет туралы шартқа қатысушыға қатысты қолданылады. Бұл ретте бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарттың көшірмесін қоса бере отырып, өтінім (өтпелі өтінім) берген ауылшартауарынөндіруші субсидия алушы болып табылады.

Мүшелеріне жер учаскелері тіркелген ауылшаркооперативі субсидияға өтінім (өтпелі өтінім) береді:

ауылшаркооперативі мүшелері пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) сатып алған жағдайда, бұл ретте ауылшаркооперативі мүшелері субсидия алушылар болып табылады;

ауылшаркооперативі пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) сатып алған жағдайда, бұл ретте ауылшаркооперативі субсидия алушы болып табылады.

Бұл ретте ауылшаркооперативіте мүшелік ауылшаркооперативі мүшелігіне қабылдау туралы ауылшаркооперативі мүшелігінің жалпы жиналысы шешімінің электрондық үзіндісінің көшірмелері өтінімге тіркелу жолымен расталады.

Бірлескен кәсіпкерлік түрінде ұйымдасқан, мүшелеріне жер учаскелері тіркелген шаруа немесе фермерлік қожалықтар субсидияға өтінім береді шаруа немесе фермерлік қожалықтар пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) сатып алған жағдайда, бұл ретте шаруа немесе фермерлік қожалық субсидия алушы болып табылады.

Шаруа немесе фермерлік қожалыққа мүшелік Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің деректерімен салыстырып тексеру жолымен расталады;

Лизингтік компанияларға жер пайдалану және (немесе) жеке меншікке беру құқығын көздейтін дайын объектінің лизингі жағдайында ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) лизингтік компаниялар растайтын жер учаскелердің деректемелерін көрсетеді;

6) жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауылшартауарынөндірушіге тиесілі жер учаскелерінің бүкіл егістік алаңына арналған электрондық танап карталары субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркелуі;

7) ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды (арамшөптер, бидай трипсі, шалғын көбелегі, карадрин және жағалау шыбыны) және аса қауіпті зиянды организмдерге (өңдеу жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын саяқ және үйірлі шегіртке тұқымдастарын қоспағанда) және карантинді объектілерге (таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын карантинді объектілерді қоспағанда) қарсы өңдеу жүргізу үшін субсидияланатын пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) қолдану бойынша қарсы міндеттемелерді қабылдауы.

#### **4-параграф. Субсидияларды есептеу тәртібі**

82. Субсидиялар ауылшартауарынөндіруші өтінім берген пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) түрлеріне және көлемдеріне сүйене отырып, мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C = N_p \times S \times N_c, \text{ мұнда}$$

C – тиесілі субсидиялар сомасы, теңге;

$N_p$  – пестицидтің 1 гектарға (литр/гектар, килограмм/гектар) шығыс нормасы (Пестицидтердің тізімінде көрсетілген қолдану регламентін немесе биоагенттің (энтомофагтың) 1 гектарға (грамм/гектар, дана/гектар) шығыс нормасын ескере отырып) (веб-порталда орналастырылған ғылыми негізделген қолдану нормаларын ескере отырып);

S – саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды (арамшөптер, бидай трипсі, шалғын көбелегі, карадрин және жағалау шыбыны) және аса қауіпті зиянды организмдерге (өңдеу жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын саяқ және үйірлі шегіртке тұқымдастарын қоспағанда) және карантиндік объектілерге (таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын карантинді объектілерді қоспағанда) қарсы өңдеу жүргізуге арналған пестицидтің, биоагенттің (энтомофагтың) белгілі бір түрін қолдану алаңы (гектар) (осы алаң ауылшартауарынөндірушіге жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында тиесілі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің алаңынан аспайды);

$N_c$  – пестицидт, биоагент (энтомофаг) субсидиясының нормасы (осы Қағидалардың 83-тармағына сәйкес айқындалады).

Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) құны субсидиялар нормасы есептелген пестицидтің, биоагенттің (энтомофагтың) құнынан төмен болатын

пестицидке, биоагентке (энтомофагқа) өтінім немесе өтпелі өтінім берген жағдайда, субсидияларды есептеу нақты сатып алынған пестицид, биоагент (энтомофаг) құнынан жүргізіледі.

Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) құны субсидиялар нормасы есептелген пестицидтің, биоагенттің (энтомофагтың) құнынан жоғары болатын пестицидке, биоагентке (энтомофагқа) өтінім немесе өтпелі өтінім берген жағдайда, субсидиялар бекітілген субсидиялар нормасы есептелген пестицид, биоагент (энтомофаг) құны бойынша төленеді.

83. Пестицидтің (биопрепаратты қоспағанда) 1 литріне (килограммына) арналған субсидиялар нормасы олардың құрамы мен әсер етуші затының (тарының) концентрациясына байланысты абсолютті мәнде (теңге) белгіленеді. Құрамы мен әсер етуші затының (тарының) концентрациясы бойынша тектесі бар пестицид (биопрепаратты қоспағанда) үшін 1 литріне (килограммына) арналған субсидиялар нормасы пестицидтің (биопрепаратты қоспағанда) немесе тектестің ең төменгі құнының жартысынан аспайтын мәнді құрайды. Құрамы мен әсер етуші затының (тарының) концентрациясы бойынша тектесі жоқ пестицидтің (биопрепаратты қоспағанда) үшін 1 литріне (килограммына) арналған субсидиялар нормасы тиісті пестицидтің (биопрепаратты қоспағанда) ең төменгі құнының жартысынан аспайтын мәнді құрайды.

Сатып алынған биопрепараттардың, биоагенттердің (энтомофагтардың) 1 грамына (данасына, литріне, килограммына) арналған субсидиялар нормасы абсолюттік мәнде (теңге) тиісті биопрепараттың, биоагенттің (энтомофагтардың) ең төменгі құнының 40 (қырық) пайызынан (қоса алғанда) асырылмай белгіленеді.

## **5-параграф. Субсидияларды төлеу тәртібі**

84. Өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) қабылдау жер учаскелері орналасқан жер бойынша тиісті жылдың 1 сәуірі мен 1 желтоқсаны аралығында жүзеге асырылады, бұл ретте өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) беру пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде жүзеге асырылады.

2019 жылы сатып алынған гербицидтерге өтінімдерді қабылдау 2020 жылдың 1 наурызы мен 1 желтоқсаны аралығында жүзеге асырылады.

85. Жеке кабинетте тізілімнің деректеріне қол жеткізуді ұсыну үшін:

1) ауылшартауарынөндірушілерде (ауылшаркооперативтерінде) және пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндірушілерде ЭЦҚ болуы тиіс;

2) Басқарма жыл сайын көрсетілетін қызметтерді жеткізушіге ЭЦҚ-сы бар өз жұмыскерлерінің өзектендірілген тізімдерін жолдайды.

86. Жеке кабинетте тіркелу үшін ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі), сондай-ақ пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндіруші мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) жеке тұлғалар және дара кәсіпкерлер үшін: ЖСН, аты, әкесінің аты (бар болса) және тегі;

2) заңды тұлғалар және бірлескен кәсіпкерлік түрінде дара кәсіпкерлер үшін: БСН, толық атауы; бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса) мен тегі және ЖСН-ны;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық поchtаның мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктегі банктік шотының деректемелері;

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген жағдайда ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі), сондай-ақ пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндіруші бір жұмыс күні ішінде Жеке кабинетке енгізілген жеке шоттың деректерін өзгертеді.

87. Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) өтінімді немесе өтпелі өтінімді қалыптастыру мен тіркеуді Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізеді:

1) осы Қағидалардың 81-тармағы 4), 5) және 6) тармақшаларының талаптарын субсидиялаудың ақпараттық жүйесімен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім (не осы Қағидалардың 81-тармағы 5) және 6) тармақшаларының талаптарын субсидиялаудың ақпараттық жүйесімен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтпелі өтінім) қалыптастырылады;

2) өтінім немесе өтпелі өтінім субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде ауылшартауарынөндіруші оған ЭЦҚ-сымен қол қоюы арқылы тіркеледі және Басқарманың Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Веб-порталда көрсетілген Басқарманың электрондық мекенжайына қарастыруға өтінімнің немесе өтпелі өтінімнің келіп түскені туралы электрондық хабарлама жолданады.

Егер Басқарма төлем шоттарын қалыптастырған сәтке дейін тіркелген өтінімде қателердің бар екені анықталған жағдайда, ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) қайтарып алу себебін көрсете отырып, өтінімді қайтарып алады.

88. Басқарма ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) өтінімді немесе өтпелі өтінімді тіркеген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, тиісті хабарламаға қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды немесе теріс шешім шығарады. Бұл ретте, өтінім расталу туралы хабарлама не осы ұсынудан уәжді бас тарту субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде электрондық құжат нысанында ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) Жеке кабинетіне жіберіледі.

Бұл ретте, өтпелі өтінім бойынша да хабарлама пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндірушінің Жеке кабинетінде, ол кейіннен осы Қағидалардың 81-тармағы 4) тармақшасының талаптарын орындау үшін нақты өткізілген пестицид, биоагент (энтомофаг) бойынша мәліметтерді тізілімге енгізу үшін қолжетімді болады.

89. Басқарма Қаржыландыру жоспарына сәйкес "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидия төлеуге арналған төлем шотын екі жұмыс күні ішінде:

осы Қағидалардың 88-тармағына сәйкес басқарма өтінімді қабылдағанын растағаннан кейін;

пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндіруші осы Қағидалардың 81-тармағы 4) тармақшасының талаптарына сәйкес нақты өткізілген пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) туралы мәліметтерді тізілімге енгізгеннен кейін субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде қалыптастырады.

Бұл ретте, субсидиялардың аударылғаны туралы хабарлама электрондық құжат нысанында ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) Жеке кабинетіне жіберіледі.

### 3-бөлім. Шағымдану тәртібі

90. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ЖАО басшысының, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдерге, әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдануға болады.

91. ЖАО атына келіп түскен ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің), элиттұқымшардың (тұқымшардың, өткізушінің) шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңының 25-бабының 2) тармақшасына сәйкес оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің), элиттұқымшардың (тұқымшардың, өткізушінің) шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

92. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесімен келіспеген жағдайда, ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі), элиттұқымшар (тұқымшар, өткізуші) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

Өсімдік шаруашылығы өнімінің  
шығымдылығы мен сапасын  
арттыруды субсидиялау  
қағидаларына  
1-қосымша

### "Басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
---	---------------------------------------	---



2 2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3 3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	3 (үш) жұмыс күні.
4 4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған).
5 5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Субсидияның аударылғаны туралы хабарлама не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынадан уәжді бас тарту. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны – электрондық. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама электрондық құжат нысанында жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) "жеке кабинетіне" жолданады.
6 6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
7 7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті берушінің - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі - жұма аралығында, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. 2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Заңның 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	Көрсетілетін қызметті алушы порталға электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында: басым дақылдарды өндіру шығындарын ішінара өтеуге; жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерінің аналықтарынан алынған көшет материалын өндіруге жұмсалған шығындарды ішінара өтеуге өтінім береді. Өтінімнің қабылданғанын субсидиялаудың ақпараттық жүйесіндегі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы тиісті мәртебе растайды.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) осы Қағидаларда белгіленген мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің сәйкес келмеуі.

<p>Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті" және бірыңғай байланыс орталығы арқылы ала алады. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: 1) мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы; 2) порталда; 3) тиісті қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған.</p>
--	--

Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына 2-қосымша

